

**«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік
педагогтың
атқарған жұмыстарының есебі**

Әлеуметтік педагог: Мелдебеков Серик

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогының жұмысы мектептің өндірістік және оқу жоспарларына сәйкес жасалынып, жоспарланып жүргізілді. Жұмыста мектеп әлеуметтік педагогының жұмысы туралы облыстық білім жетілдіру институтының нұсқаулықтары және мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздарды жүргізу әдістемелік нұсқаулығы басшылыққа алынып отырды.

«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
2022-2023 оқу жылының басында **379** оқушы болды.

2022-2023 оқу жылының басында мектеп бойынша әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар контингенті анықталынып, тізімдері жасалынды. Мектептің, сыныптардың әлеуметтік паспорттары және әлеуметтік карталары жасалынды. Соған сәйкес мектепте оқитын 16-жартылай жетім, 16 аз қамтамасыз етілген жанұядан шыққан балалар, 78-көп балалы отбасы балалары тіркелген. Мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушы 4, мүгедек балалар – 5, ата-анасы мүгедек отбасы 5, толық емес 14 отбасы анықталды. Үйде оқытылатын оқушының сабақ кестесі жасалынып, пән мұғалімдері бекітіліп сабақтар өтілуде. Мектеп әлеуметтік педагогы және сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасай отырып, үйде оқыту стандарттарына сәйкес білім беруде.

Бұл оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету жөнінде іс-шаралар белгіленіп, үй тұрмыс жағдайын тексеру актілері жасалынып, жеке картотекалары толтырылған, сонымен бірге мектеп медбикесінің бақылауына алынған.

Әлеуметтік статуска ие оқушыларға ата-аналарынан келіп үскен өтініштердің негізінде «Жалпыға бірдей міндетті білім беру беру қорының» есебінен 13 оқушыға бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Бір реттік ыстық тамақтың сапасын бақылау мақсатында мектепшілік бракераж комиссиясы құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Бракераж комиссиясы бір реттік ыстық тамақтың сапасын бақылап отырды. Мектеп әкімшілігі тарапынан кезекшілік кестесі бекітіліп, оқу жылының барысында жоспарға сай жұмыс жасалынды. 2022-2023 оқу жылында 21 оқушы сауықтыру лагерлеріне барды.

Ата-аналармен бала тәрбиесі, оқуы, бала құқықтарының сақталуы, мектеппен және сынып жетекшілерімен байланысы жөнінде әңгімелер өткізіліп пікір алмасулар болды. Атап айтқанда:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу
2. Бала құқықтарының сақталуы туралы
3. Діни экстремизм және оған қарсы күрес
4. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролы
5. Аутоагрессия дегеніміз не? Және оның алдын алу жөніндегі жұмыстар туралы
6. Сен өз құқығыңды білесіңбе? Пікір сайысы
7. Бос уақытты тиімді пайдаланайық
8. Мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиесі
9. Ата-аналарға бала құқықтары туралы
10. Сынып жетекшісінің әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен тәрбиелік жұмысының өзекті мәселелері
11. Әлеуметтік педагогтың мүмкіндігі шектеулі оқушылармен тәрбиелік жұмысы
12. Қиын оқушылармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың негізгі бағыттары
13. Бала тәрбиесіндегі отбасы, мектеп және қоғамның бірлескен жұмысы және оның негізгі бағыттары туралы
14. Отбасылық зорлық-зомбылықты болдырмау, оның алдын алу жөніндегі жұмыстар туралы.

Сынып жетекшілері бала құқықтарын қорғау және балаларға өз құқықтарын білуі және пайдалануы жөнінде тәрбиелік жұмыстар, сынып сағатарын ұйымдастырды. Әрбір сынып бойынша және мектеп бойынша әлеуметтік паспорттар жасалынды. Оқу жылының І-жартыжылдығы соңында мектеп мөлтек аудандары бойынша әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар контингенті қосымша анықталынып, есепке алынды. Жалпы оқу жылы барысында әлеуметтік педагогтың сынып жетекшілерімен, ата-аналармен бала тәрбиесі мәселелері жұмысы тұрақты түрде жүргізілді.